

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді

№1 ХАТТАМА

Ақтөбе қаласы
05.09.2025 ж.

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрағасы,
қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға материалдық көмек көрсету және әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында қамқоршылық кеңес құру.
 2. Қамқоршылық кеңестің ережесін бекіту.
 3. Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау.
-

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы Мәдиев Айбек сөз алды.

Ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» туралы таныстырып өтті.

Қамқоршылық кеңестің құрамына ата-аналармен қатар ұйымдар, мекемелер және заңды тұлғалардың өкілдері ене алатыны айтылды. Кеңестің негізгі мақсаты – балабақшаның тиімді жұмыс істеуіне ықпал ету, қосымша қаржыландыру көздерін тарту және әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыру.

Сонымен қатар, қазіргі таңда балабақша аумағында әлеуметтік қолдауды қажет ететін (аз қамтылған, толық емес отбасы, ерекше білімді қажет ететін) балалар бар екендігі атап өтілді. Осыған байланысты қамқоршылық кеңес құру қажеттілігі негізделді.

Қамқоршылық кеңестің ережесі:

8.1. Қамқоршылық кеңес өз қызметін осы Ереже негізінде, балабақша Жарғысына және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асырады.

8.2. Қажет болған жағдайда Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

8.3. Ереже жаңа нұсқа қабылданғанға дейін қолданыста болады.

Үшінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі К.Шокпарова сөз сөйледі.

Ол алдағы оқу жылында қамқоршылық кеңес арқылы:

- материалдық-техникалық базаны нығайту;
- қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру;
- демеушілер тарту;
- түрлі байқаулар мен іс-шараларды өткізу жоспарланып отырғанын айтты.

Сонымен қатар, қамқоршылық кеңес құрамына төмендегі кандидатураларды ұсынды:

№	Аты-жөні,тегі	Жұмыс орны	Телефон номері
1	Дузбаева Салтанат Адилбекова (қамқоршылық кеңес төрағасы)	«Центр Дент» Стоматолог	87731966469
2	Мәзін Мира Жексенқызы	Директор РИАЦ по Актюбинской области	87015966383
3	Саматов Гүлфайрус	№ 2 қалалық емхана.Медбеке	87711705500
4	Муса Балнур	№ 26 мектеп. Мұғалім	87071236692
5	Жумабаева Кенжегүл	№ 15 « Жидек» балабақша. Тәрбиешісі.	87053258225
6	Жубаназарова Гүлжан Жақсылыққызы	Департамент веб сайт. Инспектор	87058221891
7	Тәшпеннова Құралай Елібайқызы	Үй шаруасында	87053802422

8	Сагиева Наргиза Казбековна	ТОО «Batys Bu siness tower»	87089205427
9	Базарбаева Тазагүл Ерболовна	Жеке кәсіпкер	8085404899

Кеңес мүшелері ұсынылған құрамды бірауыздан қолдады.

Шығып сөйлеушілер:

Базарбаева Тазагүл Ерболовна:

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға жүйелі көмек көрсету үшін арнайы жоспар құрып, бастамашыл топ ұйымдастыру және қайырымдылық жәрменкелерін өткізу қажеттігін айтты.

Сагиева Наргиза Казбековна:

Балабақша жұмысына белсенді қатысып, демеушілік көмек көрсетуге дайын екенін білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес 2025–2026 оқу жылына қамқоршылық кеңес құрылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің қызметі Ереже негізінде жүзеге асырылсын.
3. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілсін.
4. 2025–2026 оқу жылына қамқоршылық кеңестің құрамы жоғарыда көрсетілген құрамда бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: _____ Дузбаева Салтанат
Адилбекова **Хатшы:** _____
Кушекова Жайнагул Сериковна